



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат


ТДМ №15

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Мақсат	3
2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	3
2.1 Ұсынылатын шаралар	4
3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	5
4 ҚОРЫТЫНДЫЛАР	5



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Мақсат



БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаты №15 – «Құрлықтағы экожүйелерді сақтау» – жер экожүйелерін қорғауға, қалпына келтіруге және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған. Бұл мақсат орман ресурстарын тиімді басқаруды, шөлейттенуге қарсы күресті, жердің тозу процесін тоқтатуды және биологиялық алуан түрліліктің жоғалуын болдырмауды көздейді.

Университет өзінің қызметі – білім беру, ғылыми-зерттеу және инфрақұрылымдық іс-әрекеттері – құрлық экожүйелеріне әсер ететінін мойындайды. Бұл әсерлер ресурстарды тұтыну, инфрақұрылымды дамыту және кампус аумағының ландшафтық өзгерістері арқылы байқалады. Осыған байланысты Университет қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және экожүйелерді қалпына келтіруге, оларды тұрақты пайдалануға үлес қосуға міндеттенеді.

Аталған саясат Университеттің жалпы тұрақты даму саясатының бір бөлігі болып табылады және барлық құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ студенттік және әкімшілік құрамға қолданылады.

Университеттің барлық бөлімшелері өз қызметін осы саясаттың талаптарына сай жүргізуге және оның қағидаларын өз жұмыс процестеріне енгізуге міндетті.

2. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПОЛИТИКИ

Бағыт	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ
<i>Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі</i>	Білім беру бағдарламалары: бакалавриат – «6B07312 – Жер кадастры және жерге орналастыру», «6B08301 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы»; магистратура – «7M07312 – Жер кадастры және жерге орналастыру», «7M08301 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы». Бұл білім беру бағдарламалары студенттерге жер мен орман ресурстарын тиімді пайдалану, экожүйелерді қалпына келтіру, топырақтың тозуының алдын алу және биологиялық алуан түрлілікті сақтау салаларында терең білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.
<i>Экологиялық жауапкершілік және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану</i>	Университет кампус аумағындағы жер учаскелері мен жасыл аймақтарды тұрақты басқару тәжірибелерін дамытуда. Көгалдандыру, абаттандыру, топырақ қабатын сақтау және университет аумағында қолайлы экожүйе қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.
<i>Ғылыми және жобалық қызмет</i>	Университет ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттары бойынша гранттық қаржыландыру алады.

	«Простор» жазғы экспедициялық кампус студенттердің тәжірибелік жұмысы үшін алаң ретінде қызмет етеді. Алдын ала дала жұмыстары, көгалдандыру, кампус табиғи ортасында жұмыс жасау арқылы студенттер құрлық экожүйелерімен тікелей әрекеттесу тәжірибесін алады, бұл топырақ, өсімдіктер және ландшафтты сақтаудың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.
Түсіндіру, мәдениет және қатынас	Университетте жасыл желектерді сақтау, биологиялық әртүрлілікті қорғау және экологиялық ойлау мәдениетін дамыту бойынша акциялар, семинарлар және еріктілік бастамалары өткізіледі. Студенттер мен қызметкерлер құрлық экожүйелерін тұрақты басқару және аймақ табиғатын қорғау іс-шараларына белсенді қатысады.



2.1 Ұсынылатын шаралар

- 1) **Білім беру және ғылыми қызмет**
— экожүйелерді тұрақты басқару тақырыптарын оқу процесіне енгізу. «Простор» лагерінің базасында дала практикаларын және зерттеулерді жүргізу.
- 2) **Ғылыми және жобалық бастамалар**
— жерлерді қалпына келтіру және биологиялық әртүрлілікті сақтау бойынша гранттар мен ПЦФ-жобаларды жүзеге асыру. ГИС-технологияларды

қолданып экожүйелердің жағдайын мониторингтеу. Тұрақты табиғатты пайдалану саласында халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту.

3) Экологиялық жауапкершілік

— «Green Campus» бағдарламасы аясында кампусты көгалдандыру және абаттандыру. Жасыл аймақтарды сақтау және университет аумағын ұтымды пайдалану.

4) Қоғамды хабардар ету және қатысу

— экологиялық акциялар, еріктілік және студенттер арасында ТДМ 15-ті насихаттау. Білім беру және медиа бастамалары арқылы экологиялық мәдениетті көтеру.

3. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Университеттің халықаралық THE Impact Rankings рейтингінде ТДМ 15 «Құрлықтағы өмір» бойынша рейтингін көтеру.



Тұрақты жер пайдалану және орман шаруашылығы саласында мамандар дайындау сапасын арттыру.

ШҚТУ-ның құрлық экожүйелерін сақтау бойынша ғылыми, білім беру және қоғамдық бастамаларға белсенді қатысуы.



Аймақтық және халықаралық деңгейде серіктестік байланыстарды кеңейту және бірлескен экологиялық жобаларды жүзеге асыру.

Тұрақты даму мен ТДМ 15-тің Шығыс Қазақстандағы іске асуына ықпал ететін экологиялық жауапты университеттік ортаны қалыптастыру.

4. ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-ның ТДМ 15 бойынша саясатын жүзеге асыру табиғи ресурстарды басқаруда және биологиялық әртүрлілікті сақтауда тұрақты әрі экологиялық жауапты тәсілді қалыптастыруға бағытталған.

Университет оқу, ғылыми-зерттеу және түсіндіру бастамаларын біріктіріп, құрлық экожүйелерін қорғауға және жерді ұтымды пайдалануға үлес қосады.

Тұрақты даму қағидаларын университет қызметіне енгізу ұлттық және ғаламдық мақсаттарға қол жеткізуге, академиялық беделді арттыруға және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде серіктестік байланыстарды дамытуға ықпал етеді.